

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 10 ақпан

№ AIFC-C/CFI/2023/0038 іс

**«INTERNATIONAL ACADEMY OF MEDICINE AND SCIENCES
(ИНТЕРНЭШНЛ АКАДЕМИ ОФ МЕДИЦИН ЭНД САЙНСИС)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Талап қоюшы

қарсы

**«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ»
мемлекеттік мекемесі**

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ

1. Осы шешім осы іс бойынша 2024 жылғы 12 қарашада сот отырысынан кейін шығарылған менің шешімімнің толықтыруы болып табылады. Аталған шешім талап қоюшының пайдасына шығарылған.
2. Талап қоюшы Сотқа сот шығындарын өтеу туралы бұйрық шығару жөнінде өтініш берді.
3. Мәлімделген шығындардың жалпы сомасы жиырма сегіз миллион бес жүз сегіз мың жүз үш теңгені (28 508 103 теңге) құрайды.
4. АХҚО Сотының Ережелерінің 6.13-бабына сәйкес мен сот шығындарын дереу бағалау туралы бұйрық шығаруға уәкілеттімін.
5. АХҚО Соты Ережелерінің 26.5(1)-бабына сәйкес, жеңген тарап, әдетте, өз шығындарының өтелуіне құқылы.
6. Сот шығындарын өтеу туралы бұйрық шығарудың негізі олардың АХҚО Соты Ережелерінің 26.11-бабына сәйкес «негізді түрде жұмсалған және мөлшерлес» болуы болып табылады.
7. Жауапкер талап қоюшының шығындарының жекелеген баптарын даулағанымен, мұндай қарсылықтарға елеулі негіздер келтірмеген.
8. Талап қоюшы өз кезегінде Жауапкер дауды адал ниетпен реттеуге тиісті әрекеттер жасамағанын және істі сот талқылауына дейін жеткізгенін көрсетеді. Сонымен қатар, шығындар сомасы өндіріп алынған соманың 10 пайызынан аз екенін атап өтеді.
9. Мен сот шығындарын толық көлемде өтеуден бас тартуға негіз болатын сенімді дәлелдерді таппадым. Осы шешімді қабылдау кезінде мен осындай санаттағы істер бойынша сот шығындарын бағалаудағы өз тәжірибемді және іс жүргізудің сипатын ескердім. Тиісінше, мен мәлімделген шығындардың толық сомасын өндіріп алу туралы бұйрық шығарамын.
10. Сондай-ақ Сотқа 153 000 000 теңге мөлшеріндегі шарттық тұрақсыздық айыбы бойынша төленуге жататын сомаға қатысты атқарушылық парақ шығару ұсынылды, бұл берешек сомасы дауланбаған. АХҚО Соты Ережелерінің 30.9-бабына сәйкес мен мұндай бұйрық шығаруға уәкілеттімін және оны шығарамын.
11. Басқарушылық сыйақы мөлшеріне қатысты мәселе ашық күйінде қалып отыр. Мен бұрынғы шешімімде көрсеткенімдей, бұл сома тараптар арасында келісіммен айқындалуы тиіс. Келісім болмаған жағдайда, мен екі тарапқа да жоғарыда аталған бұйрық шығарылған күннен бастап 14 күн ішінде жазбаша ұстанымдарын ұсынуды бұйырамын. Бұдан кейін мен басқарушылық сыйақының мөлшері туралы шешім қабылдаймын. Деректер шешім қабылдау сәтінде өзекті болуы тиіс.
12. Күмән туындамас үшін, атқарушылық парақ 153 000 000 теңге сомасына шығарылуы тиіс.

Сот қабылдады,

Лорд Фолкс КС,
Судья, АХҚО Соты



Өкілдік:

Талап қоюшы атынан мырза Сергей Ватаев, мырза Илья Кириченко және ханым Елена Дворецкая-Юсупова, Legit Advocates' фирмасының адвокаттары Алматы, Қазақстан Республикасы өкілдік етті.

Жауапкер атынан мырза Валерий Лим, «Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Алматы, Қазақстан Республикасы өкілдік етті.